

## **"Сенім" акционерлік қоғамында "Алтын акция" енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қараша 1993 ж. N 1171

"Руноқаракөл" Мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына енгізілген, акциялардың мемлекеттік пакетін бөлместен "Сенім" акционерлік қоғамы болып қайта құрылған Семейдің жүнді бастапқы өңдеу фабрикасында жүн дайындалуының, өңделуінің және берілуінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырудың қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Сенім" акционерлік қоғамында "алтын акция" енгізу туралы "Руноқаракөл" Мемлекеттік акционерлік компаниясымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне: "алтын акция" енгізу мерзімін, оны қолданудың тәртібі мен шарттарын белгілеу; "Руноқаракөл" Мемлекеттік акционерлік компаниясының өкілімен "Сенім" акционерлік қоғамының "алтын акциясы" атынан дауыс беру құқына белгіленген ретпен контракт жасасу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі